

ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІ ЖАҢҒЫРТУ ЖОЛДАРЫ

Керімкұл Ә.Ә.,

«Түркістан Ахмет Ясави» кәсіби колледжі, Түркістан қаласы, Қазақстан

Annotation. This article deals some important methods of folk- pedagogic teaching of pupils. Also it shows significant principals of folk-pedagogic methods in teaching pupils. Some necessary methods of how to teach them to read poems listen to folk songs and use folk national games and proverbs, to read their works and to show the results of integrational teaching, to teach pupils to work individually are given in this article.

Аннотация. В данной статье используются некоторые элементы народно-педагогического обучения учащихся. В статье отражаются особенности методики народно-педагогического обучения: ознакомление учащихся со стихотворениями народных поэтов, умение анализировать народные песни и правильно использовать национальные игры, пословицы и поговорки, выразительно читать произведения, раскрыть результат интеграционного обучения и формировать умение самостоятельно работать.

Халқымыздың тамырын теренге жайған дәстүрінен тіршілік ерекшелігінен нәр алған рухани қазынаның бірі саналатын ұлттық ойын-сауық түрлері ұмыт ойын - сауығы болады, ол оның жан-дуниесінің көрінісі саналады, демек іргелі ел екенбіз, өзіміздің әдет-ғұрпымызды, салт-санамызды, дәстүрімізді бағалап, қадірлей білуді ұмытпаған жөн. Ойынның қандай түрі болмасын атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысуы керек.

Сондықтан да Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десен, бесігінді түзе» деген нақыл сөзін басшылықта алған жөн.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін жүргізетін мұғалімдердің басты мақсаты: білім мен тәрбиені ұштастырып оқыту болса, бұл салада мақал-мәтелдің, жұмбақтардың оқу-тәрбие жұмысында тигізер көмегі орасан зор. Мақал-мәтелдер, жұмбақтар ең алдымен оқушыларға тақырып, мазмұн аясының кеңдігімен алуан түрлі комплексті тәрбие беретін болса, екіншіден, олардың ой өрісін дамытып, өмірге деген көзқарасын кеңейтсе, үшіншіден тілдерін ұштап, өз бетінше, ізденуге, білуге, тануға, тапқырлылыққа ұмтылдырады. Күнделікті сабак барысында оқушылардың мінезқұлқына, ұлкенді сыйлауға, білімге, еңбекке байланысты мақал-мәтелдерді айтып немесе сұрақтар қойып, оқушылардың өзін тарту, дағдыландыру тиімді және түрлі тақырыптарды ажарландырып, еркін түсіндіруге жетелейтін жолдың бірі /2/.

Жас ұрпақтың бойына туған өлкесі мен халқына деген сүйіспеншілік қасиеттерді дарытуда музика мен әдебиеттің байланыстылығы ерекше ықпал жасайтыны белгілі.

Сондықтан да өнер адамдарының іс-әрекеті арқылы оқушының тәртібіне, өмірге көзқарасына, мінез-құлқына игі әсер ету мақсатында «Етістік туралы түсінік» тақырыбын өтуде сабактың интеграциялық әдісін қолдану арқылы ұлттық салт-дәстүрлерді жаңғырту жолдағынменгертуге болады.

1. Қонақтар келіп отырды, іле-шала Айша дастархан жая бастады, – дегенде келіп отырды, жая бастады етістіктеріне сұрақ қою арқылы таптыру/1/.

2. Үлкенді сыйлау – әдептіліктің белгісі деген сейлемде сыйлау (не істеу?) етістігіне сұрақ қою арқылы таптыру.

Мұндағы үйге қонақ келгенде көрсетілетін іс қимылдар арқылы қандай мақал-мәтелдер айтуға болады? – деген сұрақ арқылы :

«Үлкенге-құрмет, кішіге-ізет», «Кір демек бар, кет демек жоқ», – деген етістікке байланысты іс қимылды білдіретін сөздерге сұрақ қойдыру.

Өтілетін тақырыпқа байланысты «Кім тапқыр?» деген ойын ойналады.

Буклеттегі суреттерге қарап, үш партадан үш оқушыны етістіктің құрамдық түрлеріне мақал-мәтелдер құрастырып, сейлем мүшесіне талдату.

1. Бір тал кессең, он тал ек!

2. Ана көрген – тон пішер

Ата көрген – оқ жанар.

1. Қыстың қамын жаз ойла, – деген мақал-мәтелдер ойлап тауып, ек деген негізгі түбір етістік, пішер, жонар, кессен деген жұрнақ арқылы жасалған туынды етістік екенін ажыратада білді.

Мұқағали Мақатаевтың «Есіңе мені алғайсың» деген әнінің бір шумағын магнитафоннан туындармасын.

Нұр жауып тұрған көктемде
Гұл тере барсаң көктемде,
Найзағай шанышп өткенде
Есіңе мені алғайсың....
– Бұл қандай ән, кім жазған? –
т.б. сұрақтар қоямын.
– Ақынның тағы басқа қандай әндерін білесіндер?
«Наурыз – думан», «Фаризаға»,
«Тоқта балам!»

Атаң келеді артында!» т.б.

Ақын ағамыз бізде қонақта, олай болса бізге тойға келді, – деп портреті, кітаптары, гүлдер, буклеті тұрған бұрышқа көніл білдіремін.

Той басталды, құрметті оқушылар, бүгінгі тойда жігіттерімізді «Көкпар» ойынына шақырамыз.

«Білекті бірді жығар

Білімді мынды жығар», – демекші, біздің жігіттер білімдері арқылы өз өнерлерін көрсетеді /6/.

Көкпар–Шығыс пен Орта Азия халықтарына ежелден–ақ таныс ойын.«Зұлымдық атаулының аты өшсін» деген сеніммен қара ешкі сойылып, додаға салынған. Ол үшін «Көкпар» ойыны бейнеленген суреттің астына екі кеспе қағазын жапсырамыз, оған екі оқушы шығып, шартын орындауды тиіс.

№1. Төмендегі мақал-мәтелді сөйлем мүшесіне талдап, етістіктің негізгі, туынды түрлерін ажырат.

Ерге лайық ат туар,
Жерге лайық шөп шығар /6/.

№2. Алыстан сәлем береді.

Әдепті елдің баласы.

Осы шартты бірінші орындаған оқушы «Көкпар» ойының женімпазы саналып, қолына қамшыны алып, лақты ұстап, отырған оқушылардың біреуінің алдына тастайды. Ол оқушы ақша орнына кеспе қағазын береді, көкпаршы жанындағы оқушыларға таратады.

Кеспе қағаздағы берілген сұрақтар:

№1

Мен бақыттымын,
Бақытты жерде туылдым.
Айналайын Қарасаз,
Қасиетіңен суыңың!
М. Мақатаев «Қарасаз» /4/
– Ақын қай жерде туылған екен?

(Алматы облысы, Қарасаз деген жерде)

№2

Шынымен құладың ба, шым қорғаным,
Шынымен өртендің бе, нұлы орманым?
Әке сенің өмірінді жалғамасам,
Құрып кетсін жер басып, үл болғаным!
М. Мақатаев «Әкеме» /4/.

– Ақынның әкесінің аты кім, ол туралы не білесің?

(Әкесінің аты Сүлеймен, ол кісі Ұлы отан соғысына қатысып, оралмаған.)

№3

Анашым!

Асыл анам, есіл анам,
Елжіреп есіркеймін, есіме алам.
Мен үшін сен суалтқан ақ сұтінді,
Ақтамасам, боп жүрмін несіне адам?!
М. Мақатаев «Анашым»
—Ақынның анасы кім?
(Нағиман.)

№4

Құдайы қонақпын мен,
Қарсы ал, құрбым!
Адасып, ауылым таппай шаршап жүрмін
Шөлінде қалып мына сарсаң күннің,
Малтаны әжем берген тауысып жүрмін.
М. Мақатаев «Құдайы қонақпын мені қарсы ал, құрбым» /5/.
—Ақынның әжесінің аты кім?

(Тиын)

«Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» – демекші, ән-музыка пәнінің оқытушысы Айгүл Элтаева Мұқағали Мақатаевтың «Наурыз думан» әнін орындағы.

Наурыз айы туғанда
Той болушы еді бұл манда
Сақталушы еді сыбаға
Сапарға кеткен ұлдарға
Наурыз айы туғанда, – деген қайырмасына оқушылар қосылып айтты /3/.
Ақынның «Фариза» деген өлеңінен Салиева Фариза үзінді оқыды.
Фариза!
Фаризажан, Фариза қыз.
Өмірде ақындардың бәрі жалғыз.
Шыдай–шыдай ақыры жалығармыз,
Бірімізден біріміз арылармыз
Біздерді де жоқтайтын жан болса егер.
Шаң басқан архивтерден табылармыз /4/.

Ақынның өлеңдері архивте жатқан жоқ. Оның поэзиясы әр адамның жүргегінде, үйінде, оның жоқтаушылары халқы. Балалар, біздің халықта «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сөз бар. Біз бүгін Мұқағали ағаны орнымыздан тұрып бір сәт еске алайық.

Оқушылардың тапқырлығын есте сактау қабілетін, жылдамдығын байқау мақсатында «Кім жылдам?» ойыны ойналады. Бұл ойын бойынша осы наурыз мерекесіне байланысты мақал-мәтелдер айттып, етістіктің құрамына қарай ажырату.

Бұлақ көрсөн, көзін аш!

Атадан мал қалғанша, тал қалсын!

Ұлыс күні алдыңа келсе, атаңның құнын кеш, – деген мақал-мәтелдерден аш, кеш деген негізгі түбір етістік, көрсөн, қалғанша, қалсын, келсе деген жүрнақ арқылы жасалған туынды етістік екенін айта білді./6/ Оқушылардың өтілген сабакты қалай менгергендігін пысықтау мақсатында тесттік кеспе қағазын пайдаландым.

№1. Етістікті табыңыз.

- А. Гүлден, парталар
- С. Баланың, Серікпен
- Е. Айт, жат
- В. Орындыққа, үстелмен
- Д. Пәтер, бөлме мұндағы айт, жат негізгі етістік,

№2. Етістік заттың несін білдіреді?

- А. Атын
- Д. Санын
- В. Сын–сипатын
- С. Қимыл–әрекетін

№3. Етістікті табыңыз.

- А. Бұл, сол, анау
- С. Келер, сөйлер
- Е. Қызыл, жасыл, сары
- В. Фалымжан, Сапар
- Д. Тым ауыр, аса қымбат,—

дегенде келер, сөйлеп етістіктері –ер деген жүрнақ арқылы туынды етістік қызметін атқарады.

№4. Етістіктің сұрақтарын табыңыз.

- А. Қандай? Қай?
- В. Қайтті? Не істейді?
- С. Кім? Не?
- Д. Қанша? Неге?
- Е. Қайда? Қашан?

№5. Негізгі етістік қай сөйлемде

- А. Ауылға сәлем айт
- В. Арада көп жыл өтті.
- С. Әжем маған қаймақты сүт берді
- Д. Аңсаған ауылымда да келдім

№6. Қайсысы туынды етістік №

- А. Күн жарқырап тұр
- В. Сен сабағынды дұрыс оқы
- Д. Кешке әженің үйіне бар.
- С. Құлме досына
- Келер басыңа,—

дегенде келер, құлме деген туынды етістік екенін табу арқылы менгерді. Оқушылар ақынның өлеңдерін жатқа оқып, етістіктің құрамына қарай талдап, одан тәлім алған оқушының төл әдебиетті сүйіп өсуіне мүмкіншілік бар.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Оралбаева Н., Мадина F., Әблілқасов А. Қазақ тілі. – Алма-Ата, 1982.
- 2 Құрманбаева Г., Дүйсебаев С. Дарыту дамыту интеграция – А., 1998.
- 3 Қалмырзаұлы Ә., Төленова С., Серікбаева Н. Ән-қазына. – Алматы: «Қасиет», 2006.
- 4 Мақатаев М. Аманат. – А., 2002.
- 5 Мақатаев М. Жылап қайттым өмірдің базарынан. – А., 2000.
- 6 Құрастырған Ө., Тұрманжанов. Қазақтың мақал-мәтелі. – А., 1998.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ МОЛОДЕЖИ

Ким В.А., Кац Н.А., Козлова Л.И.,

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан

Annotation. Since the health of the population – the highest national value, then the revival of nations must begin just with health, especially children.

A man comes into this world, not only for their comfortable existence and happiness. His intelligence, skill, experience, his entire life are necessary to his children, to society, to future generations. Worthy of man's existence on earth helps make health, mental and physical, which is the main property rights. And the